



## Қаржылық терминдер

### «Қазақстан-Зираат Халықаралық Банкі» Еншілес Банкі» Акционерлік Қоғам

<b>Банк</b>	«Қазақстан-Зираат Халықаралық Банкі» Еншілес Банкі» Акционерлік Қоғам
<b>Филиал</b>	Банкәтің Филиалдары
<b>Банк операциялары</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және уәкілетті орган Банкке берген лицензияда көрсетілген операциялар
<b>Банк қызметтері</b>	Банкәтің Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы № 2444 Заңының 30-бабында белгіленген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруы
<b>Бенефициарлық меншік иесі</b>	Жарғылық капиталға қатысу үлесінің не клиенттің - заңды тұлғаның немесе шетелдік құрылымның орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған) акцияларының жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға; Клиентке өзге түрде бақылауды жүзеге асыратын, оның мүддесі үшін клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын заңды тұлғалар
<b>Салым (депозит)</b>	Банктік салым шарты негізінде Банк клиенттен қабылдайтын, ол бойынша Банкәтің шартта көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуін және салымның осы түрі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптармен және тәртіппен салымды қайтаруды көздейтін ақша қаражаты
<b>Салымшы (депозитор)</b>	Банкпен банк қызметін көрсету туралы шарт жасасқан және/немесе салымға (депозитке) билік етуге құқығы бар заңды және/немесе жеке тұлға, дара кәсіпкер
<b>Банкәтің ішкі нормативтік</b>	Банкәтің ішкі қызметін реттеу үшін Қазақстан Республикасы Заңдарының және Банк Жарғысының негізінде әзірленген Банкәтің нормативтік құжаттары

<b>құжаттары/ Банктің ІНҚ</b>	
<b>Гарантия</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілгер басқа тұлғаның (борышкердің) кредиторы алдында осы тұлғаның міндеттемелерін орындау үшін қарыз алушымен (тең қарыз алушымен) толық немесе ішінара ортақ жауап беруге міндеттенетін үшінші тұлға (кепілгер) берген міндеттеме
<b>ЖТСМ</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелетін Банк көрсететін қызметтер үшін дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі (нақты құны) жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, банктік қарыз бен салымның әрбір түрі бойынша жоғарғы және төменгі диапазондар ескеріле отырып көрсетіледі
<b>Берешек</b>	Негізгі борыш қалдығының сомасын қоса алғанда, банктік қарыз бойынша борыш сомасы, есептелген, бірақ төленбеген сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) және қарыз алушымен жасалған банктік қызметтер көрсету туралы шартта көзделген өзге де төлемдер
<b>Қарыз алушы</b>	Банкпен банк қызметін көрсету туралы шарт жасасқан және қарыз (несие) алған және алынған ақшаны қайтару және алынған қарызды (несиені), оның ішінде қарыз (несие) бойынша сыйақыны және басқа да төлемдерді толық төлеу бойынша міндеттемені өзіне қабылдаған жеке, заңды тұлға, дара кәсіпкер
<b>Кепілзат</b>	Қарыз алушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда, Банктің осы мүлік тиесілі тұлғаның басқа кредиторларының алдында басымдықпен кепілге салынған мүліктің құнынан қанағаттандыруды алуға құқығы бар міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету тәсілі
<b>Кепіл беруші</b>	Қарыз алушының/тең қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін Банкке мүлікті (жылжымалы/жылжымайтын) және/немесе өзге де құндылықтарды/мүліктік құқықтарды кепілге беретін жеке/заңды тұлға
<b>Өтініш</b>	Клиенттің (және салымшының - үшінші тұлға клиенттің пайдасына салым орналастырған жағдайда) жазбаша ерік білдіруі, онда клиенттің (және салымшының - үшінші тұлға клиенттің пайдасына салым орналастырған жағдайда) тиісті Өтінішке қол қою арқылы Банкпен қосылу және шарт жасасу ниеті бар. Өтініштің негізінде Банк банктік қызмет көрсету жөніндегі құқықтық қатынастарды белгілеуге және жүзеге асыруға байланысты іс-әрекеттер жасайды. Шарт шеңберінде

	«Өтініш» ұғымы кредит алуға арналған өтінішті, ағымдағы шотты ашуға арналған өтінішті, жинақ шотын ашуға арналған өтінішті, төлем карточкасын шығаруға және қызмет көрсетуге арналған өтінішті, қосымша карточканы шығаруға және қызмет көрсетуге арналған өтінішті, сейфті жалға алуға арналған өтінішті және банк қызметтерін көрсету туралы шарт шеңберінде өзге де өтініш түрлерін қамтиды, бірақ шектелмейді
<b>Ипотекалық қарыз</b>	Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген банктік қарыз
<b>Банктің корпоративтік веб-сайты</b>	Банктің Интернет желісіндегі ресми электрондық сайты (www.kzibank.kz)
<b>Клиент</b>	Жеке тұлға (резидент/резидент емес), заңды тұлға (резидент/резидент емес), дара кәсіпкерлер (резидент/резидент емес), жеке нотариустар мен адвокаттар, шаруа (фермер) қожалықтары, Банкте шоттар ашуға құқығы бар өзге де тұлғалар/органдар
<b>Комиссиялар</b>	Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банктің қызмет көрсеткені (банктік және өзге операцияларды жүргізгені) үшін Банк алатын төлем
<b>Несие (қарыз)</b>	Банк клиентке оның сомасы шегінде және банк қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық шарттарында (ал жекелеген жағдайларда - қамтамасыз ету және нысаналы мақсаты бойынша пайдалану шарттарында) беретін банктік қарыз
<b>ҚДКБҚ</b>	Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры
<b>Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар ретінде айқындалған тұлғалар

<b>Банктің лицензиялары</b>	Бағалы қағаздар нарығында банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия, сондай-ақ уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жекелеген қызмет түрлеріне Банкке берген өзге де лицензиялар
<b>Кепіл</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасымен кепілге қоюға/басқаға беруге тыйым салынған мүлікті, оның ішінде заттар мен мүліктік құқықтарды (талаптарды) қоспағанда, Банк Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес кепілге қабылдайтын/қабылдаған кез келген мүлік, оның ішінде заттар мен мүліктік құқықтар (талаптар)
<b>Операциялық күн</b>	Банк нұсқаулардың орындалуын тоқтата тұру не осындай нұсқауларды, сондай-ақ Банк жүзеге асыратын өзге де банк операцияларын кері қайтарып алу туралы нұсқауларды, өкімдерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асыратын уақыт кезеңі. Банктік және өзге де операциялардың түрлері бойынша операциялық күннің ұзақтығы туралы мәліметтер Банктің операциялық залдарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы, сондай-ақ Банктің таңдауы бойынша басқа да тәсілдермен, оның ішінде Банктің корпоративтік веб-сайтында тиісті ақпаратты орналастыру жолымен, бірақ онымен шектелмей, клиенттің назарына жеткізіледі. Банк операциялық күннің ұзақтығын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, ал өзгерістер туралы ақпарат клиентке жоғарыда аталған тәсілдермен жеткізіледі. Банк Банктің әртүрлі филиалдары, бөлімшелері және ішкі құрылымдық бөлімшелері үшін, Банк көрсететін жекелеген операциялар үшін, жекелеген клиенттер үшін әртүрлі операциялық күн белгілей алады
<b>Төлем карточкасы</b>	Электрондық терминалдар немесе өзге де құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы, онда осындай карточканы ұстаушыға төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның шарттарындағы басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат болады. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады
<b>КЖҚІ/ТҚ</b>	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
<b>Банк Басқармасы</b>	Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Банктің атқарушы органы

<b>Предельные величины</b>	Осы Ереженің тиісті қосымшаларында белгіленген қабылданатын салымдардың (депозиттердің) және берілетін қарыздардың (несиелердің), салымдар (депозиттер) және қарыздар (несиелер) бойынша сыйақы ставкаларының ең аз және ең көп сомалары мен мерзімдері
<b>Жұмыс күні</b>	Қазақстан Республикасындағы ресми демалыс және мереке күндерінен басқа күн
<b>Директорлар кеңесі</b>	Заңдарда және (немесе) Банктің жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Банктің басқару органы.
<b>Мерзімді салым</b>	Салымшы белгілі бір мерзімге Банкке орналастыратын салым
<b>Жинақ шоты</b>	Банк қызметін көрсету туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген қызметтерді көрсету үшін Банк клиентке ашатын банк шоты
<b>Шот</b>	Банктік қызмет көрсету туралы шартқа және тиісті Өтінішке сәйкес Банкте ашылған ағымдағы шот не жинақ шоты
<b>Тарифтер</b>	Банк бекіткен Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған өзі көрсететін банктік және өзге де қызметтер үшін алынатын Банктің комиссиялық сыйақысының мөлшері (Банк айқындаған тәсілмен Клиентке жеткізілетін жеке ұсынылғандардан басқа)
<b>Ағымдағы шот</b>	Банк қызметін көрсету туралы шарт негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген қызметтерді көрсету үшін Банк клиентке ашатын банк шоты
<b>Уәкілетті орган</b>	Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган
<b>Foreign Account Tax Compliance Act (далее - FATCA)</b>	Белгілі бір критерийлері бар АҚШ-тан тыс жерлерде тұратын тұлғаларды қоса алғанда, АҚШ субъектілерін өздерінің шетелдік қаржы шоттары туралы есеп беруге міндеттейтін, сондай-ақ шетелдік қаржы институттарын АҚШ субъектілері болып табылатын өз клиенттері туралы АҚШ Ішкі Кірістер Қызметіне есеп беруге міндеттейтін АҚШ Федералдық заңы
<b>SMS хабарламалар немесе push хабарламалар</b>	Банктен Клиенттің ұялы байланыс арқылы Ұтқыр құрылғысына бағытталған, оның ішінде электрондық цифрлық символдардың генерацияланған бірегей бірізділігін қамтитын қысқа мәтіндік хабарлама